

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ұшырайды. Сонымен қатар, су мәселесі жағалау қауымдастығындағы мемлекетаралық қатынастарға теріс әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гельдыева Г. В., Будникова Т.И. Этапы и перспективы ландшафтно-экологических исследований в регионе Аральского моря // Географическая наука в Казахстане: Результаты и пути развития. – Алматы: Ғылым, 2001. – С. 229.
2. Нургизарынов А. Экологическое дыхание Арала. – Алматы: Ғылым, 2006. – 223 б
3. Баймолдаева А., Баймолдаева К. Современное экологическое состояние окружающей среды г. Кызылорды. //Поиск.сер.ести техн.наук. – 2010. – С. 128.
4. Сейтжанова Ш. Состояние водных ресурсов Кызылординской области // Аль Пари. – 2009. – С. 175.
5. Водопользование в низовьях реки Сырдарья в условиях дефицита водных ресурсов / Ж. С. Мустафаев, А. Т. Козыкеева, А. А. Сагаев, Е. Н. Алимбаев // Вопросы географии и геоэкологии. – 2019. — С. 187.
6. Водосбор бассейна реки Сырдарья - деятельностно-природная система / Ж. С. Мустафаев, А. Т. Козыкеева, А. А. Сагаев, Е. Н. Алимбаев // Исследования, результаты. – 2019.– С. 305.
7. Оценка эффективности использования водных ресурсов сельскохозяйственного производства в водосборах низовья реки Сырдарии / Ж. С. Мустафаев, А. Т. Козыкеева, А. А. Сагаев, Е. Н. Алимбаев // Вопросы географии и геоэкологии. – 2019. – С. 64

ӘӘЖ 911.2

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Газизова Ақбота Нұртайқызы

botagazizova00@gmail.com


Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті 7М05213-География білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Турсынова Тангал Турсыновна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы

Туристік әлеует – туристік индустриядағы маңызды көрсеткіш. Туристік әлеует – туристік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін табиғи, қоғамдық және табиғи-қоғамдық ресурстардың, мүмкіндіктердің кеңістік-уақытша үйлесімін білдіреді [1].

Шығыс Қазақстан – туризм саласында мүмкіншілігі, яғни, туристік әлеуеті жоғары және қарқынды дамып келе жатқан рекреациялық аймақ. Табиғаттың бірегейлігі, ландшафттардың әртүрлілігі мен ерекшелігі, табиғаттың, тарихтың және мәдениеттің сирек кездесетін ескерткіштерінің болуы бүгінгі таңда оның аумағында туризмнің әртүрлі түрлерін жоспарлауға және дамытуға мүмкіндік береді. Дегенменде, оны іске асырып, туризмді дамытуымыз әліде баяу қарқында жүріп жатыр. Бұл мәселенің басты себебі туристік әлеуеттің ұтымды пайдаланылмауы, оның одан әрі дамуын дұрыс ұйымдастырылуы болып табылады.

Ең соңғы мәліметтерге сүйенсек, Шығыс Қазақстан облысына туристтердің келу саны бойынша Алматы мен Ақмола облыстарынан кейінгі 3- ші орында тұр. Мұнда шетелдік келушілер саны – 5847 адам, қазақстандықтар – 477660 адам (Сурет 1).



Сурет 1 ҚР облыстары бойынша кіру және ішкі келушілер саны көрсеткіштері [2].

Туристер саны мен тұруын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайтын компаниялардың орташа жүктемесі бойынша Шығыс Қазақстан облысын Ақмола облысымен салыстыруға болады. ҚР Ұлттық Статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, Шығыс Қазақстанда 1 кәсіпорынға орташа жылдық жүктеме 797,4 адамды құраса, ал Ақмола облысында – 825,2 адамды құрайды. Бұл туризм нысандарының жоғары ауқымдылығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысында жұмыспен қамтылған 1 адамға жылына 187,9 турист, Ақмола облысында – 118,5 турист сәйкес келеді. Осыған байланысты, салыстырмалы түрде нашар дамыған инфрақұрылыммен Шығыс Қазақстанның туристер ағыны бойынша ареалдары басқа облыстардың дем алу орындарынан кем түспейтінін атап өту қажет [3,4].

Дегенмен, өңірде туризмнің толыққанды дамуына бірқатар шектеулер бар. Оларға, ең алдымен, мыналарды жатқызу керек:

1. Инфрақұрылымның дамымауы. Аймақта жолдардың жағдайы өте нашар. Ол көптеген демалыс орындарына жетуге қиындықтар туғызады.

2. Демалыс орындарындағы қызмет көрсету сапасының төмендігі. Бұл туризмнің дамуы үшін өте маңызды рөл атқарады. Себебі, қазіргі кезде туристтер материалдық-техникалық база мен сервистің сапасына баса назар аударады және оның деңгейінің төмен болуы аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

3. Табиғи-климаттық жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты бизнестің төмен табыстылық көрсеткіші. Мысалы, Зырянда қысқы ауа температурасының қатты төмендеуі шаңғы базаларына баратын туристтер санын төмендетеді, ал жазғы шомылу маусымның қысқа болуы жағажайлық демалыс кезеңін шектейді. Бұл кедергілерді жою үшін және жұмыс істеу кезеңін ұзарту үшін туризм нысандарының қызметін әртараптандыру қажет болады.

4. Аймақтың рекреациялық бейнесі қалыптаспаған. ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, Шығыс Қазақстанда демалыс аймақтарына келетін туристердің негізгі үлесі – таныс демалыс орындарына қайтып келетін Қазақстан мен Ресей Федерациясының көршілес өңірлерінің тұрғындары. Яғни, бұл туристік қызметтерді өңірден тыс жылжыту жөніндегі маркетингтік стратегияны әзірлеуді және іске асыруды қажет етеді. Емдік және рекреациялық аймақтар туралы, табиғи-мәдени, тарихи мәліметтер мен облыстағы қызметтердің бағасы мен сапасының арақатынасы туралы ақпараттың

жетіспеушілігі туристерді басқа облыстардағы нысандардың пайдасына таңдау жасауға итермелейді [5].

5. Облыс аудандарында туристік пакеттерді ұсынудың жеткілікті әртараптандырылмауы. Шығыс Қазақстанның табиғи-тарихи құндылықтары қазіргі кезде бірнеше бағытта ғана қолданылады, бұл туристердің белгілі бір тобын айтарлықтай мөлшерде кемітеді.

6. Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар болса да, туризм саласына құйылатын инвестициялық белсенділіктің төмен болуы.

Туристік салада шешілуі керек мәселелердің жиынтығы берілген жұмыс саласының әлеуетін іске асыруды шектеу болып саналады. Саланың тұрақты қалыптасуы және оның бәсекеге қабілеттілігінің артуы тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де аймақтық және аудандық деңгейлерде анықталған міндеттерді шешуді талап етеді.

Туристік әлеуеттің дамуындағы мәселелерді шешу жолдары

Шығыс Қазақстан облысы туризмінің қазіргі әлеуетін және белгіленген бағыттарды негізге ала отырып, оны дамытудың негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

1) Облыс деңгейінде Ұлттық туристік өнімді қалыптастыру жөніндегі маркетингтік бағдарламаны жасау;

2) Облыстың туристік және көлік инфрақұрылымын дамыту;

3) Туристік қызмет көрсету сапасы мен сервисінің деңгейін арттыру.

Бірінші міндет шеңберінде мынадай іс-шараларды жүргізу қажет:

1. Туризм және қызмет көрсету, жол бойындағы сервис және т. б. саласындағы инвестициялық жобалардың ақпараттық базасын құру. Сонымен қатар, облыстың туристік өнімдерді құру жөніндегі инвестициялық ұсыныстарды жасау;

2. Туризм инфрақұрылымын бағалау, дамыту және құрылыс салу жоспарларын жасау;

3. Жастар және балалар-жасөспірімдер, спорттық, тарихи, емдеу-сауықтыру туризмі бойынша турлар әзірлеу;

4. Бюджет көздерінен субсидияланатын тарихи, емдеу-сауықтыру, жағажай, спорттық туризм шеңберінде әлеуметтік туризм бойынша турларды әзірлеу;

5. Туроператорлар, әртүрлі облыстардың табиғи саябақтары мен ерекше қорғалатын табиғи аймақтары арасында туристерді жаппай әкелу жөнінде екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу;

6. Экологиялық туризм саласы негізінде басқа облыстардың табиғи саябақтарымен, ерекше қорғалатын табиғи нысандарымен, жоғары оқу орындары арасында екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу.

"Өңірдің туристік және көлік инфрақұрылымын дамыту" міндеті шеңберінде мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:

1. Туристік жобаларды іске асыруда "Ертіс" ӘКК мен "Шығыс Қазақстан облысының өңірлік мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" АҚ жандандыру;

2. Туристік өнімдерді өткізу (брошюраларды, парақшаларды, жолсілтемелерді және арнайы туристік ақпаратты жариялау);

3. Жаңадан құрылған туристік кәсіпорындар үшін салық, кеден саясаты іс - шараларын әзірлеу және оларға қолдау көрсету;

4. Спорттық-сауықтыру туризмін оқу-білім беру мекемелері мен кез келген үлгідегі мекемелер жүйесіне енгізу;

5. Туризм саласында жаңа технологияларды игеруге дайындайтын оқу-өндірістік орталықтар құру;

6. Туристік ұйымдардың қызметкерлері үшін арнайы көрсетілетін қызметтерді жетілдіру бойынша шеберлік сабақтарын мен жиындарды өткізу;

7. Туристерге қызмет ететін жол көрсетуші, нұсқаушы мамандарды даярлау курстарын ұйымдастыру;

8. Кадрларға қосымша қажеттілікті қанағаттандыру (ойын-сауық персоналы, сауда-коммерциялық персонал).

"Туристік қызметтердің сапасы мен сервисінің деңгейін арттыру" міндеті шеңберінде мынадай іс-шараларды орындау қажет:

1. Туризм саласындағы барлық белсенді емес кәсіпорындарды, тасталған демалыс үйлерін және т. б. түгендеу;

2. Туристік ресурстарды (табиғи-рекреациялық, тарихи әлеуметтік-мәдени және өзге де объектілерді) түгендеу;

3. Санаторлық-курорттық объектілерді сертификаттауды және жіктеуді жүргізу;

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жол берілетін рекреациялық жүктемені айқындау;

5. Туристік-рекреациялық кешендердің инвестициялық жобаларының тізілімін құру;

6. Аймақтар мен туризмді дамыту орталықтарында көліктік және өзге де инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралар тізбесін әзірлеу;

7. Басым аймақтарда және туризмді дамыту орталықтарында туристік индустрияны дамыту (құру) жөніндегі іс-шаралар тізбесін айқындау.

Шығыс Қазақстан облысының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жоғарыда қойылған міндеттерді шешуге жүйелі көзқарасты талап етеді. Бұл салалық құрылымның әр элементінің жоғары өзара тәуелділігіне, сондай-ақ олардың жұмыс істеуінен мультипликативті әсердің болуына байланысты. Жалпы, өңірде туризмді дамытуды мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру қолайлы табиғи-климаттық және экологиялық-экономикалық жағдайларды ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысының туристік-рекреациялық саласының әлеуетін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Туризм. Основные виды, понятия, направления в туризме. [Электронды ресурс] – URL: <https://svastour.ru/articles/puteshestiya>

2. Ұлттық статистика бюросы деректері [Электронды ресурс]. URL: <https://stat.gov.kz/>

3. Развитие туризма и гостиничного хозяйства в Восточно-Казахстанской области. Департамент статистики Восточно-Казахстанской области, 2021 г.

4. Туристский потенциал Восточно-Казахстанской области [Электрондыресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko>

5. Шығыс Қазақстан облысының көрікті жерлері [Электронды ресурс]. URL: <https://kazakhstan.travel/where-to-go/ru/region>

ӘӨЖ 556

ЩУЧИНСК – БУРАБАЙ КУРОРТТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨЛДЕРДІҢ САПАСЫН ЗЕРТТЕУ

Есмакова Айгерим Кенжебулатовна

vip.yesmakova@mail.ru

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің

7М05218– Экология мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші – С.Р.Хамзина

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау мәселелері жалпы әлемдік проблема ретінде қарастырылып келеді. Көптеген мемлекеттер экология саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайдың барлық салаларына әсер ететін сала деп есептейді. Біздің елімізде экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі бола отырып, тұрақты дамудың міндетті